



Сыр бойы

№56-57 (21131-21132) 18 сәуір, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyly.kz

www.instagram.com/syrboyly_kz

t.me/syrboyly_kz

twitter.com/syrboyly

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҒАНДЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» панелдік сессиясына қатысты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглы жүргізді.

Мемлекет басшысы Түркия Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен халықаралық аренадағы беделін арттырып келе жатқанын айрықша атап өтті.

— Ең алдымен, көрген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға елдеріміз айналысатын алаңға алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізім келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөнінде де ой-пікірімен бөлісті.

— Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз» деп жиі айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қажығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Әрине, БҰҰ — баламасы жоқ әмбебап ұйым,



сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі.

Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсету керек екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл — факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да — шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа

жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды.

— Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр қиырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды.

— Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Әрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығынақтағы елдерге тілек-тестігін білдірді. Біз тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа және әскери іс-қимылды тоқтатуға шақырдық. Бұл қажығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үңілгеніміз жөн. Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек.

2-бет

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ІРІ ЖОБАНЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕСІ

Осыдан екі күн бұрын облыс әкімінің баспасөз қызметі елеулі жаңалықты жария етті. Бұл, шын мәнінде, облыс экономикасын өрге тартатын айтулы жобаның алғашқы нәтижесі.

Қызылорда қаласындағы қолданыстағы ескі жылу-электр орталығы 1964 жылы пайдалануға берілген. Мұнда екі қазандықпен біртүрбогенератор болған. Орталық 67 мегаватт электр энергиясын өндіріп, облыстың тұтыну көлемінің 30 пайызын ғана қамтып келді. Енді жағдай өзгерді.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен оңтүстік өңірлерде электр энергиясы тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясы мен 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы құрылысы аяқталып, іске қосылды. Түріктің «Akso Energy» компаниясы қолға алған жобаға 215 млрд теңге инвестиция салынған.

Жоба бойынша қуаттылығы 176 МВт 2 газ-турбиналық қондырғы (General Electric, АҚШ), 95 МВт бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), қуаттылығы 120 тн/сағ 2 бу қазандығы (ACBOILERS, Италия), 150

Гкал/сағ 4 жылу қазандығы (Mitsubishi, Түркия) орнатылды. Бүгінде жылу орталығында 176 мегаватт электр энергиясын өндірілуде және 150 МВт-тық 4 су жылыту қазандығы қосылды. Қосымша 95 МВт-тық бу турбинасы да дайын.

Станция құрылысы 2024 жылы басталып, екі жыл ішінде аяқталып отыр. Инвестициялық шартқа сәйкес, мұны 2026 жылдың тамыз айында іске қосу жоспарланған болатын. Облыс әкімінің ұтымды ұйымдастыруымен құрылыс мерзімінен бұрын бітіп, жұмыс тиісті сапаға сай бекітілген кестеден ерте жүзеге асты.

Бұған дейін айтылып келгендей, орталық облысты электр энергия-

сымен толық қамтамасыз етіп, өндірісті дамытуға тың серпін бермек. Мамандар жаңа станцияның қуаты 240 мегаватт, облыстың электр энергиясын тұтыну көрсеткіші 220 мегаватт, яғни ауысқанын өзге өңірлерге сатуға да мүмкіндік бар екенін алға тартады.

Әрине, станция жұмысына заманауи технологиялар енгізілген. Жананың ескі жылу-электр орталығынан артықшылықтары да аз емес. Газ тұтыну көрсеткіші 50 пайызға үнем жасаса, станция 20 минут ішінде 50 мегаваттан 240 мегаватқа дейін жүктеме өзгерістеріне тез бейімделіп, қуатты жылдам арттырып немесе азайта алады.

Бұл дегеніңіз, жалпы оңтүстік өңірлердің энергетика жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін қажет. Келтірілген деректерге қарағанда, ескі жылу-электр орталығының ең жоғары желілік температурасы 950 °C болса, жаңа станцияда 1300 °C дейін көтеруге мүмкіндік бар. Су қыздыру қазандықтарының пайдалы әсер коэффициенті (КПД) 30 пайызға жоғары, яғни жылууды аз жоғалтады. Жаңа станция автономды түрде жұмыс істегендіктен, жоғары қуатты (магистральдық) желілерде ақау шықса немесе кернеу күрт өзгерсе, өшіп қалмайды.

«СБ» ақпарат

Таза Қазақстан

«ТАҒЫМ ОРНЫ ТАЗА БОЛСЫН, РУХ ПЕН ТАЗАЛЫҚ - БІР ҰҒЫМ»

ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 19 сәуір күні аймағымызда «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өтетін «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық - егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясына қатысуға шақырамыз!

Туған жердің әрбір қасиетті орны - ұрпаққа аманат. Сол аманатқа адал болу - бәріміздің ортақ парызымыз.

Өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі орындар мен қорымдар аумағын таза ұстап, ескеңен ұрпаққа үлгі болайық!

Барша сырбойылықтар ата-баба рухына тағзым ететін ортақ іске үлес қосып, маңызды шараға белсенділікпен қатысады деп сенеміз!

Қызылорда облысының әкімдігі

/// ЖИЫН

САЛЫҚ БАЗАСЫН ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен өткен жиналыста жергілікті бюджет түсімдерін қамтамасыз ету жолдары, салық базасын ұлғайту мәселелері талқыланды. Оған мемлекеттік кіріс департаменті, облыстық басқармалар, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері қатысты.

Жынында жоспарланған салық түсімдерін толық қамтамасыз етуге қатысты бірқатар тапсырма берілді.

— Салық базасын ұлғайту - күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселенің бірі. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін барлық кіріс көзін толық қамтып, бюджет түсімдерін арттыру - басты міндет. Бұл бағытта әлеует жеткілікті. Ең бастысы, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, жұмысты жүйелі үйлестіру қажет, — деді Данияр Еренғалиұлы.

Сондай-ақ мемлекеттік кірістер департаментімен тығыз жұмыс жасау, қосымша резервтерге сүйеніп, түсімнің жоспарын орындау тапсырылды. Бұл өз кезегінде қала және аудандар шығындарын қаржыландыруға әсер етеді.

/// МӘСЕЛЕ

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДА МАМАН ТАПШЫ

Елімізде жөнделетін жолдар көлемі жылдан-жылға артып, сапасы жөнінен де айтарлықтай алға жылжу байқалады. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ хабарлағандай, биыл Қазақстанда автомобиль жолдарының 11 мың шақырымнан астамы жол жұмысының барлық түрімен қамтылмақ.

— Жол құрылыс маусымы аясында республикалық маңызы бар жолдардың 8,9 мың, жергілікті жол желісінің 2,3 мың шақырымына құрылыс, қайта жаңарту және жөндеу жұмысы жүргізіледі. Соның ішінде 3,5 мың шақырым жолдың құрылысы мен оларды қайта жаңартуды аяқтау жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, республикалық маңызы бар жолдарды орташа жөндеу бағдарламасы аясында биыл шамамен 2 мың шақырым жолды аяқтау көзделген, — делінген хабарламада.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК облыстық филиалының мәліметінше, Қызылорда облысы аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы - 3525 шақырым. Оның 1024,5 шақырымы - республикалық, 555,6 шақырымы - облыстық, 1944,8 шақырымы - аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

3-бет



Ашық дереккөзі

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДА МАМАН ТАПШЫ

– 2026 жылы жол инфрақұрылымын дамыту бағытында 146 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өткізіледі. Соның ішінде 10,5 шақырым автожол салынады. Сондай-ақ 55 шақырым облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Елді мекендерде 29,6 шақырым көше жолдары жөнделіп, 50,6 шақырым жолға асфальт төселеді. Өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы индикаторлық көрсеткіші 95%-ға жетсе, 2026 жылы бұл көрсеткішті 95,2%-ға жеткізу жоспарланып отыр, – деді филиал директоры Нұрбол Абызбаев.

Жол құрылысын сапалы жүргізудегі басты факторлардың бірі – білікті кадр. Дегенмен, бұл мәселе тәуелсіздік тізгіні қолға тигелі 35 жылға жетсе де әлі күнге күрделі күйінде қалып келеді. Сөзімізді біз сұрау салған құзырлы мекемелер растап отыр.

– Жол құрылысы саласында көбінесе жұмысшы мамандар, оның ішінде жол жұмысшылары, механизаторлар, арнайы техника жүргізушілері және инженерлер тапшы. Қазіргі күні өндіріс орындарын жұмысшы мамандармен қамтамасыз ету мақсатында орта және жоғары оқу орындарымен жұмыс жүргізілуде. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы мен 10-ға жуық жоғары және орта оқу орындары өзара меморандум қабылдаған. Онда оқу түлектерін жұмысқа орналастыру, соңғы курс студенттерін дуальді білім жүйесі арқылы өндірісте тәжірибеден өткізу әрі келешекте жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қарастырылған, – делінген компания тараптан хабарламада.

«ҚазАвтоЖолдың» жауабын Жол активтері сапасының ұлттық орталығы да қуаттады.

– Қазақстанда автомобиль жолдарын салу, жөндеу және қолдау саласында білікті мамандардың айтарлықтай тапшылығы байқалады. Біріншіден, елімізде инфрақұрылымдық жобалардың ауқымы кеңейді, жол-көлік құрылысы қарқын алды. Екіншіден, жол саласында ескі кадрлар бүгінде еңбек жолын аяқтап, зейнеткерлікке шығып жатыр. Олардың орнын ауыстыратын кәсіби жас мамандар аз. Мәселен, жол құрылысы бойынша қазіргі таңда инженерлік-техникалық кадрлар тапшы. Соның ішінде жолдарды жобалау, техникалық басқару, сапа бақылау бойынша жол инженерлері, техникалық қадағалау мамандары жетіспейді. Құрылыс сапасы мен материалдардың стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін зертханалық техниктер тапшы. Алысқа бармай-ақ қойық, аймақтағы жол салушы компаниялардың өзі шет елден маман шақыруға мәжбүр. Өйткені еліміздің еңбек нарығында асфальт төсейтін техниканы жетік меңгерген мамандар аз. Ал үлкен жобаларға қатысу үшін білікті кадрлардан құралған жұмыс күші керек, – деді филиал басшысы.

1-бет



Суретті түсірген Нұрбол АБЫЗБАЕВ

Осы орайда «Ала жаздай шақырайған күннің астында, желдің өтінде жүріп бір тынбайтын мамандық иелерінің тапқаны еңбегін ақтай ма?» деген сұрақ туындайды. Жол активтері сапасының ұлттық орталығында қарапайым зертханасы 300 мың теңге ала, инженер қызметкердің жалақысы 500 мың теңге шамасында екен. Одан бөлек, арнайы әлеуметтік пакеттер қарастырылған. Мысалы, басқа қаладан келген мамандарға қызметтік пәтер ұсынылады. Шет елдерде біліктілік арттырып, тәжірибе алуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ орталықтан өндірісте тәжірибеден өтетін университет пен колледж студенттерін ынталандыру мақсатында 80 мың теңге ақы төленеді.

«ҚазАвтоЖол» еңбекақы мөлшері аймаққа, маманның кәсібі біліктілігі мен жұмыс өтіліне, сондай-ақ қызметіне байланысты екенін жеткізді. Жұмысшы мамандар аймақтағы коэффициентке байланысты бәсекеге қабілетті деңгейдегі еңбекақысын алады. Инженерлердің еңбекақысы санатына, жұмыс өтілі мен жобаның ауқымына қарай төленеді. Жол саласында мамандарға әлеуметтік пакет қарастырылған. Оған міндетті әлеуметтік сақтандыру, төленетін еңбек демалысы, ауырғаны туралы паракты төлеу, арнайы киіммен қамтамасыз ету, жеке қорғайтын заттар, сондай-ақ біліктілікті арттыру бойынша оқыту кіреді.

Жауапты мекемелер мектеп бітірген жастар арасында жол салушы мамандықты дәріптеп, үгіт-насихат жұмысын үздіксіз жүргізіп келеді.

– Біздің облыста бұл бағыттағы мамандықтар Қорқыт ата атындағы Қызылорда

университеті мен И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжінде оқытылады. «2000 мектеп» жобасы аясында мектеп оқушыларына жол мамандығы бойынша кәсіби бағыт-бағдар береміз. Филиалда жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған ашық есік күні өтіп тұрады. Мекемеге келген студенттер ашық есік күні аясында жол құрылысындағы әртүрлі материалдардың сынақтан өткізілу барысымен танысады. Оқу орнында теориялық білімін жетілдірген жастардың мамандыққа қызығушылығы оянады. Мұндай іс-шаралар болашақ жолшыларға бағыт-бағдар беруге бағытталған, – деді Нұрбол Абызбаев.

Ал елімізде 8 жоғары оқу орны «Көлік құрылысы» білім бағдарламасы бойынша кадрлар даярлайды.

– Жыл сайын сәуір-мамыр айларында ел бойынша мамандарымыз түлектермен кездесу өткізіп, жол саласының қыр-сырын таныстырады. Талапкерлердің ынтасын ояту бойынша осы салада жетістікке жеткен мамандардың еңбек жолын насихаттап, қандай ерекшеліктері барын тілге тиек етеді. Оқу орындарымен меморандум жасасуы, кадр әзірлеу бағытында ауқымды жұмыстарды атқаруда. Олардың тәжірибе алуынан бастап жұмысқа орналастыру мәселелерін шешуге ықпал етеміз, – делінген «ҚазАвтоЖол» жауабында.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

ТАРИХИ ОРЫНДАР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Өңірде 483 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынған. Оның ішінде 31 ескерткіш республикалық маңызға, 398 нысан жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілген. Ал 54 нысан алдын ала есепке алынған тарихи мұралар қатарында. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің басшысы Ерғазы Алданазаров хабарлады.

– Тарихи-мәдени мұра ұлттың рухани қазынасы. Оны сақтау тек мемлекеттік мекемелердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Біз әрбір ескерткішке өткеннің үнсіз куәгері ретінде қарап, оны болашаққа аман жеткізуге жауаптымыз, – деді мекеме басшысы.

Биыл облыс әкімдігінің қолдауымен бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылады. Сақ дәуірінің ірі орталықтарының бірі саналатын Бәбіш мола, оғыздардың астанасы Жанкент, қыпшақ пен қазақ хандықтарының ордасы болған Сығанақ қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіледі.

Ерғазы Жарылқасынұлының айтуынша, Жанақорған ауданындағы Сығанақ және Қазалы ауданындағы Кескен күйік қалашықтарында ғылыми зерттеулер жалғасады. Алдағы жоспарлар қатарында ірі реставрациялық жұмыстар да бар. Биыл республикалық бюджет есебінен Сығанақ қалашығы мен Бақатам кесенесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіледі.

Айта кетейік, 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні. Атаулы күнді ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау жөніндегі кеңес ассамблеясы бекіткен.

Аружан АБЫЛАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
2-і курс студенті



«ПАРЫЗ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

«Парыз» — бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәрбиені енгізуге ынталандыру мақсатында жыл сайын өтетін конкурсы.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Атамекен» одағы Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы – конкурстың ұйымдастырушылары болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері қатысатын Конкурс өңірлік және республикалық деңгейлерде өткізіледі.

Конкурс лауреаттары атақтары «шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі», «ірі кәсіпкерлік субъектісі» санаттарында келесі номинациялар бойынша беріледі:

- 1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын». Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғауды, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және т. б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;
- 2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік

кәсіпорын». Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;

3) «Үздік жұмысшылар». Бұл номинацияда ҚР заңнамасында қарастырылған, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және ыңғайтатын ұжымдық шарттар қарастырылады;

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін». Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурсқа қатысу тегін болып табылады. Үміткерлер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысшыларының және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, оның ішінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін айқындайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға міндетті.

Бағдарламалар және олардың жобалары өз бетінше және/немесе жергілікті атқарушы органдармен жетік азаматтық қоғам институттарымен әріптестік сипатында және әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталуы қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік бәсекелестікті арттыруға бағытталуы тиісті.

Конкурсқа келесі үміткерлер қатыса алады, яғни:

- 1) қызметін 3 жылдан астам уақыт жүзеге асырған;
- 2) жойылу сатысында емес, банкроттық деп танылмаған;
- 3) еңбек заңнамасының бұзылуына жол берілуі керек, оның ішінде жалақыға және жұмысшыларға төленетін өзге де төлемдер бойынша қарызының болмауы қажет;
- 4) жұмысшыларымен ұжымдық-еңбек даулары болмауы қажет;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдардың іс-әрекетін қолдауға бағытталған әлеуметтік және қайырымдылық шараларды жүзеге асырған;
- 6) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдегі ақпараттар шынайы көрсетілген, сонымен қатар құжаттарын толық көлемде тапсырған. Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін құжаттарын hr.enbek.kz сайты арқылы тапсырады. Соңғы екі жыл ішінде лауреат болған номинация бойынша қайтадан қатыса алмайды. Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекен-жайдан алуға болады: Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жерініз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
2026 ЖЫЛҒЫ 10 СӘУІРДЕГІ № 61 ҚАУЛЫСЫ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАРАШАДАҒЫ №629 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 629 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақ келесі редакцияда жазылсын:
«1) уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуы жүзеге асырады;

2) «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелді) сәйкес тізбелерге енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуы жүзеге асырады;

3) бірыңғай ұйымдастырушы және (немесе) ұйымдастырушы ретінде:

конкурстық (немесе аукциондық) комиссияның құрамын, сараптама комиссиясының құрамын не сарапшыны (қажет болған кезде) айқындайды және бекітеді, конкурстық комиссияның (немесе аукциондық) хатшысын айқындайды;

конкурстық (немесе аукциондық) құжаттаманың жобасын бекітеді;

веб-порталда конкурстық (немесе аукциондық) жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстық (немесе аукциондық) құжаттама жобасының мәтінін орналастырады;

веб-порталда конкурстық (немесе аукциондық) құжаттаманың жобасын, сондай-ақ конкурстық (немесе аукциондық) құжаттаманың мәтінін алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады;

біліктілік талаптары мен конкурстық (немесе аукциондық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды конкурсқа (немесе аукционға) қатысушылар деп тану, сондай-ақ конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарына критерийлердің салыстырмалы мәндерін қолдану;

конкурс (немесе аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда орналастырады;

4) заңнамада белгіленген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуы жүзеге асырады;

5) әлеуетті өнім берушіге енгізген конкурсқа, аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық банк кепілдігі түрінде қайтаруды жүзеге асыру;

6) «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17948 болып тіркелді) сәйкес конкурстық ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді;

7) әлеуетті өнім берушілердің ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешімдерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарын қарау;

8) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32733 болып тіркелді) сәйкес сатып алуы ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді;

9) өз қызметінің бағыттары шеңберінде, оның ішінде жоғары тұрған мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша мониторинг пен талдауды жүзеге асырады;

10) Қызылорда облысы әкімдігі атынан: мемлекеттік орган болып табымайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің;

акциялары (қатысу үлестері) облыстық коммуналдық мүлікке жататын заңды тұлғаларға қатысты акционер (қатысушы) құқықтарды жүзеге асырады;

11) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;».

2. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау салаға жетекшілік жасайтын облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы Д. ЖАНАЛИНОВ

Табиғаты тазалығы, адалдығы, ақиқатты қалайтын, өмірге ғашық азаматтың бүкіл болмысы да осындай адами қасиеттердің қорытпасынан жаратылғандай. Елге қызмет етуді өмірлік ұстаным қылып, сыйластық пен достықты байрақ ете өмір көшіне ілескен ол бір сәт те өз ұстанымынан айныған емес және айнымасы да анық, әлі де ел үшін қызмет етуде. Қазіргі кезде алдыңғы буын ағалардың да, қатарластардың да арасында «Зейнетке шықтым, болды, демалыстамын, мені енді ешкім мазаламасын» деген түсінік бары жасырын емес. Сайлаубай аға бұған тек қарсы болып қана қоймайды, «Бұл – өте зиянды пікір. Білгеніңді, көргеніңді кейінгілерге айтпасаң, тәжірибенді үйретпесең, несіне үлкенмін деп бәл-

көмек қолын созуға жас кезінен-ақ ықыластылығың аңғартқандай. Бұл кейін ұстанымға айналып, оның өміріндегі бағдаршам іспеттес таным болып кетті. Студенттік шағында да, қызметке араласқан кездерде де, басшылық қызметтер атқарғанда да адам баласының жақсылығын көре, тани білу, құрметтеу, сыйласу, яғни адами сұлулыққа іңкәрлік оның өмірге деген құштарлығымен тұтасып кеткен болатын. Міне, осы тұтастық бірсөзділік, ел үшін қызмет ету, арманмақсат жолындағы еңбекпен бірігіп, адалдық пен адамдық қорытпасына айналған.

Ойтолғауымыздың келесі желісі – кейіпкеріміздің ұстаздық жолы. Сайлаубай Әбішұлы мектепке алты жасында барғандықтан, орта мектеп-

атындағы №13, Қамбаш орта мектептерінде математика пәнінің мұғалімі болған. Жастар қоғамдық ұйымдары жұмысына белсене араласуының нәтижесінде 1969 жылы Арал аудандық балық шаруашылығы комсомол комитетінің хатшылығына сайланған. Осы тұста жоғарыда аталған өмірбаяндық эссе парақтарына көз салар болсақ, қызметтес болған М.Махатова, Б.Махатов, Ә.Әлмаханов, Ә.Бердалиев, А.Қылышбаев, Қ.Сұлтанбаев және т.б. ұстаздар туралы ерекше ықыласпен әңгімелейді. «Сағынай Ешеқенов, Гүлжан Дошниязова, Жәкебай Бекжанов, Якуда Халықұловтың тұлға ретінде қалыптаса бастағаны сол кезде-ақ аңғарылатын» деп жылы лебіз білдіреді және мұғалім мен шәкірт арасындағы сыйластық пен достыққа қатысты

лып қоғамдық жұмыс атқарды. Ол «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының облыстық филиалы саяси кеңесінің бюро мүшесі болып сайланған, облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, Қызылорда қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы, қалалық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы. «Нұр Отан» партиясының Қызылорда қалалық филиалы саяси кеңесінің мүшесі, қалалық филиал жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, қалалық қоғамдық келісім мүшесі, қала әкімдігі жанындағы «Мерейлі отбасы» комиссиясының мүшесі болып, сондай-ақ жиырмаға жуық облыстық және қалалық комиссияларда, Қазақстан халық Ассамблеясының жанындағы Қызылорда облыстық қоғамдық келісім

мәрттігіне, сөзі мен ісінің арасындағы беріктігіне әлі күнге қайранмын» деп ашығын айтады. Бәлкім, басқа адам болса, осылай жазар ма еді, жазбас па еді, талай азаматтардың еңбегі елеусіз, жылдар катпарында қалып жатқан жоқ па? Сайлаубай аға «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген халық даналығын басшылыққа алады.

Оның қаламгерлік қырындағы тағы бір ерекшелік – өзі әңгімелеп отырған жайттарға қатысты барлық құжаттардың сақталуы. Сонау алғашқы комсомол қызметіне кіргендегі жиналыс, пленум, конференцияларда сөйлеген сөздерінің мәтініне дейін сақталуы оның барлық жағдайға мән бере қарайтынын көрсетумен қатар, ұқыптылықты, адами тазалықты биік қоятынын аңғартады.

Бір бойына ондаған адами қасиетті тоғыстыра алған Сайлаубай Әбішұлы республикамыздың экономикалық, мәдени саласын дамытуға белсене қатысқаны үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Астана қаласына 20 жыл», «Тың өлкесінің игерілігіне 10 жыл» мерекелік медальдарымен, Қазақ КСР халықтық бақылау комитетінің Құрмет грамотасымен, ВЛКСМ Орталық комитетінің «Комсомолдағы белсенді қызметі үшін» арнайы белгісімен екі дүркін және де көптеген мадақтау марапатымен марапатталған. Президент Алғас хатымен бес дүркін, Орталық Комитет хатшысының Алғас хатымен, «Нұр Отан» ХДП Құрмет грамотасымен екі дүркін, партиядағы белсенді қызметі үшін арнайы төсбелгісімен, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігіне 30 жыл», «Қызылорда облысына 70 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл», Ы.Жақаев, Фани Мұратбаев атындағы және де көптеген мерекелік медальмен марапатталған. Ол – Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі. Қызылорда қаласының, Арал ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының құрметті азаматы, ҚР Ауыл шаруашылығы саласының құрметті ардагері, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ардагер», «Қазақстан Республикасының Алтын жұлдызы» төсбелгілерінің иегері.

Жақында облыс әкімі Н.Нәлібаевтың ресми жиында өнегелі істердің ұйытқысы болған Сайлаубай Әбішұлы мерейтойымен құттықтап, дәстүрге сай құрмет көрсетуі елдің ардагерге, оның тәлімізді істеріне деген ықыласы деп білеміз.

Бұл құрмет оның жақын-жуықтары, туыстары, отбасы мүшелеріне де қуанышка бөледі. Ойғуындик желі ретінде оның отбасы жайлы да айта өткен жөн деп білеміз. Биыл бас қосып, шаңырақ көтергендеріне 55 жыл болып отырған тұста Сайлаубай ағаның бүкіл өмірлік жолында, оның табысты өмір жетістерінде жары Гүлсайран Жұмашеваның үлесі мол екенін айтуымыз керек. Бұл күнде құрметті зейнеткер, медицина саласының ардагері. Гүл өсіруді ұнататын ол бүкіл ауланың гүлге оранып тұрғанын қалайды. Елге қызмет етіп, ел алдында жүрген Сәкеннің қасқабағына қарап, отбасының барлық тірлігін өзі ұйымдастырып, өзі үйлестіріп отырған жан. Бұл тұста да біз олардың отбасындағы татулықтан бастау алап әдемілікке, сұлулыққа іңкәрлік, табиғатқа деген қамқорлықты байқаймыз. Олар өсірген ұл-қыз да ата-ана үлгісімен тіршілікке араласып, өз отауларын тікті, балалардың барлығының бойынан еңбекқорлық, ұқыптылық, табиғатты аялау, қыздардың ұлттық өнерді бағалауы, тігіншілікті шебер меңгеруі, әдет-ғұрыпты сақтауы екенін қанықтан, анықтан сүтінен болар деген ойдамыз. Балалардың үлкені Фабит – Алматы қаласында жеке кәсіпкер, келіні Айнұр – Алматы қаласында жоғары санаттағы ардагер, қызы Жаңагүл – Астана қаласы салық комитетінің бас маманы, Айгүл – Астана қаласының медицина саласының маманы, Айжан – Түркияның Стамбул қаласындағы «Gelisim» университетінің магистранты, Түркия Республикасында қызмет жасайды, кіші ұлы Қуаныш – «ПетроҚазақстан Құмқол Ресорсиз» мұнай компаниясының маманы, келіні Жанасая – Қызылорда қаласы білім бөлімінің маманы, немерелері: Айдын Стамбул қаласының Халықаралық қатынастар университетінің бітіріп, Түркияда қызмет жасайды. Қасымжомарт Алматы қаласындағы О.Жәуітқов атындағы арнаулы математика мектебін, Қазақстан-Британ халықаралық университетінің Финанс-бизнес факультетін бітіріп, Алматы қаласында қызмет атқарды. Ақниет, Мейірім, Сәкен, Әмина Астана, Қызылорда қалаларында мектепте оқыса, Інкәр мектеп жасына дейінгі тәрбие орнында өсіп-жетілуде.

Қай қоғамда болмасын елге қызмет етуді тұрақты ұстаным еткен Сайлаубай Әбішұлы өмір сүру дегенді қоғамға, айналасына, отбасына қажет болу, соларға еңбек ету, тыңдырған жақсы ісін болу, ел айта жүрер өнеген болу деп біледі. Адалдық пен адамдық қорытпасы сінді тұлуының 80 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Алдажар ӘБІЛОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, филология
ғылымдарының кандидаты

Адамдық пен адамдық сәулесі

сінесің» дегенді жиі айтады. Осыны негізге ала отырып, аймағымыздағы қоғамдық жұмыстың әлі де алдыңғы легінде жүрген Сайлаубай Әбішұлы туралы ойтолғауды оның өмірге құштарлығы, сұлулыққа іңкәрлігінен бастағанды жөн санадық.

Алғашқы желі – өмірге құштарлық, сұлулыққа іңкәрлік. Сәкеннің бүкіл болмыс-бітімі адами сұлулықты сездірді тұратыны ақиқат. Бұл тұста оның тек сыртқы келбеті, өзі әлемілік туралы емес, жан сұлулығы, өмірдің, адам тіршілігінің мәні неде екенін ұға алғандығы туралы айтып отырмыз. Бұлай болуы бәлкім, оның туған жер табиғатына тамсана өскеннен, туған жерге деген шынайы сезімінен де болар. Жер-жаһанның жартысын отқа ораған, миллиондаған адамды жұтып, миллиондаған адамның тағдырын талқан еткен екінші дүниежүзілік соғыстың біткеннен жарты жылдай уақыт өте Арал ауданының Райым маңындағы «Қу қора» атты мекенде өмірге келген ол бала күнінен туған жер сұлулығына тәлі болып өсті. Жалаңашқол, Райым көлі, Қаракөл, Ақшатау көлдерінің табиғаты бірінен бірі асып тұсуге асыққандай, майда толқындар мұның жанын жаймашуақтыққа тартса, жел тұрғанда көбік ата көкке ұмтылар асау толқындар өрлікке шақыратын. «Адам баласы өзінің кіндік қаны тамған туған жер табиғатымен үндестікке болады» деген ел аузындағы тәмсілді естіп жүрміз ғой, басқанын қайдам, осы сөз тура Сайлаубай Әбішұлы ағамызға арналғандай болады да тұрады. Оның жақсылыққа құштарлығы, әдемілікке, жан әдемілігіне іңкәрлігі де осыдан бастау алатын сынды. Осы тұста бастау оны адамдарды құрметтеу білуге, олардың ішкі әлемінде не болып жатқанын ұғуға талпындырып, бала күнінен қоршаған орта мен қоғам және адам табиғатын түсінуге жетеледі.

Сайлаубай Әбішұлы да өз құрдастары сияқты бала болып ойын қызығын көре қойған жоқ, өйткені, оның балалық шағы ел басындағы қиын кезеңмен – соғыстан кейінгі ел көшін түзеу жылдарымен тұспа-тұс келген еді. Олардың ойыны еңбекпен араласа жүрді, оқуы жұмыспен қабаттаса жүзеге асты. Не дерін бар, уақыт талабы солай еді, колхоз шаруасы қайнап кеткен тұста оқушылар сабақты қойып, жұмысқа араласты, дауылды күндерде де толқынын арналаса көлге шығып, ау тоқтп, мұз ойып, шығым тартты, пішен шауып, отын дайындады. Қиналса да сездірмеуге тырысты, себебі үлкендерге қарады, ата-анаға қолбағыс жасады, оларды қуантау, ризалығын алу үлкен мәртебе болатын. Мандай терін жеңімен сүрте, толқынын арналаса есекке еркен әйелдерді, соғыстан мүгедек болып оралса да жұмысқа араласқан майдангерді көргенде жан шыдап тұрар ма?! Сол кездегі жасөспірімдер сабақтың тоқтап, өздерінің жұмысқа араласып кеткеніне бұлданған да, бәлкімнен де емес. Кемел келешекке, алда келер бақытты күндерге сенді, оны жақындауға аз болса да өз үлесін қосқанды мұрағат тұтты.

Бұл күндерді, қиындығы мен қызығы аралас, оқуы мен еңбегі сабақтас жылдарды «Асыл қазынам – өмір сабағы» атты өмірбаяндық эссесінде Сайлаубай аға сағына еске алады. Сол кезінде қиымастықпен көз салып, балалардың сүйіктісіне айналған Тәуекел ақсақал жайлы ризалықпен қалам тербейді. Осы кітаптағы ауылдағы жетіхалдық бітіріп, Қамыстыбас мектебінің сегізінші класына келуі туралы жазылған тұста бірге оқитын Әйтеке Жарымбетов пен оның қарындасы Қуаланың қабағынан мұң аңғаруы, көп өтпей-ақ оның себебін білуі – жоғарыда біз айтып өткен Сайлаубай ағаның адам жанын ұғуға, жұртқа

ті он алты жасында бітіріп, 1962 жылы студент атанды. Бұл сонау мектеп табалдырығын аттаған сәтте білмеке құмарлықтан басталған балаң сезімнің мүшелді толтырған тұста ұстаз болмақты армандаған тілегімен тоғысып, оны Қызылорда пединститутының физика-математика факультетіне оқуға әкелген кезі еді. Мектепте оқыған кезден математика пәнін ұнататын ол институтта С.Елубаев, А.Нұғманов, Ж.Беркімбаев, С.Жақыпов, Қ.Сексенбаев, Қ.Жанұзақов және т.б. ұстаздардың ризалығына бөленді, үздік шәкірт атанды. Әсіресе, Ә.Тәжмағанбетов ағайынның жетекшілігімен ғылыми жұмыстарға араласудың ұстаз бен шәкірт арасындағы ағалық-інлілік достыққа ұласуы өз алдына бөлек әңгіме. Мектепте жүргенде қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы көп нәрсеге баулыса, институттағы қоғамдық жұмыс оның кейіннен жастар арасындағы жетекшілік қызметіне алғашқы баспалдақ болған еді.

Кейде адам өмірінде өзі күтпеген көріс, Жажаксы жаналықтар да болып жатады, алайда сол күтпеген деген сөздің өзі шартты түрде айтылған сияқты болып көрінеді. Себебі, «Жажаксылық көрсем – өзімнен, жамандық көрсем – өзімнен» деп С.Торайғыров айтқандай, барлығы адамның өз іс-әрекетіне, еңбегіне, адалдығына байланысты болса керек. Кешегі кеңес билігі тарағанша студенттердің жаз болып еңбек семестріне болатыны белгілі ғой, біреулер студенттік құрылыс отрядтарында, біреулер ауыл шаруашылық жұмыстарында болады. Ал Сыр бойы студенттерінің егін орағына баратыны бесенеден белгілі, ол тұста күрішті шашпай-төкпей жинау аса маңызды мемлекеттік шаруа болатын. Сондай егін орағы аяқталған сәттегі жылында, 1964 жылы пединститут тарихында алғаш рет жеті студент «10-шы тың астығын жинау» мерекелік медалімен марапатталды. Соның бірі Сайлаубай Әбішұлы болатын. 1966 жылы Қызылорда пединститутындағы мемлекеттік емтихан тапсыруды оның факультеті, оқу тобы бастап, бұл сол жылғы түлектер арасында бірінші бітіруші атанды. Ұқыптылығын, тындырмдылығын, маржандай әдемі жазуын ескерген болуы керек, сол жылғы бітірушілер дипломын толтыру жүктелді. Бұл оқу ордасының оған деген сенімі еді.

Содан бері, міне, 60 жыл бойы ұстаздар сапында келеді. Оның ішінде мектепте қызмет атқарған жылдары бір бөлек болса, комсомол, партия, халықтық бақылау, мәдениет салалары мен шаруашылықтар басқарған кездері, облыс, аудан, қала деңгейіндегі түрлі қоғамдық жұмыстар атқаруы бұл да ұстаздықтың келесі бір қыры, яғни адам тәрбиесіндегі келесі бір сала екені анық. Енді осы тұста пікірімізді оның өмірбаяндық деректерімен тиянақтай отырсақ, ол 1946 жылы 9 сәуірде өмірге келген, «Аманат» партиясына 2001 жылдан мүше. 1966 жылы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) физика-математика факультетін бітіріп, «Математика пәнінің мұғалімі» мамандығын алған. Бұдан соң қызмет талабына сай, «Еңбек Қызыл Ту» орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтында оқып, «Инженер-механик» мамандығын игерген. БЛКЖО (ВЛКСМ) ОК жанындағы Жоғары комсомол мектебінің Фрунзе қаласы филиалында, Қазақстан Компартиясы ОК Жоғары партия мектебінде, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы жоғары мектепте арнайы білімін жетілдіру курстарынан өткен.

1966-1969 жылдары Арал қаласындағы №86 сегізжылдық, Т.Шевченко

бірнеше мысал келтіреді. 1970 жылы Қызылорда облыстық комсомол комитетінің насихат және мәдени-көпшілік жұмыстарының бөлім меңгерушілігіне бекітіліп, 1973 жылы Шиели аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған Сайлаубай аға 1973-1993 жылдар аралығында, яғни 20 жыл бойы Шиели ауданының экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларының, сондай-ақ ауыл шаруашылығының дамуына, мемлекеттік тәртіпті нығайтуға белсене атсалысты. 1975 жылдың соңында өткізілген аудандық комсомол конференциясында партиялық жұмысқа ауысып, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде қызмет атқарды. 1980-1993 жылдар аралығында аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағалығына тағайындалды, кейіннен аудандық партия комитетінің хатшылығына сайланды. Жоғарғы басшылықтың ұсынысына сәйкес, 1991 жылы қаңтарда аудандағы ең ірі шаруашылық Ленин атындағы колхоздың төрағасы болып сайланып, шаруашылықтың экономикалық жағынан нығаюына, ауыл шаруашылығы дақылдары өнімнің көбеюіне, рентабельді шаруашылыққа айналуына, әлеуметтік мәселелерін шешуде белсенділік көрсетіп, барлық істе табандылық таныта білді. Ел құрметіне бөленді.

1993 жылдың қаңтар айында облыс басшылығының шешіміне сәйкес Арал ауданы «Приарал» совхозының директорылығына ауыстырылды. Елде экономикалық реформаларды жеделдету мақсатында жүргізілген бағдарламаны жүзеге асыра отырып, Арал өңірі азаматтарының ауызбірлігін қалыптастыруда белсенді еңбек жасады. 1996 жылы Арал аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушілігіне бекітіліп, 1999-2003 жылдар аралығында Арал аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының еңбекшісі болды. Құрған қалған көлдер жүйесін қалпына келтіруге, балық шаруашылығын қайтадан жандануына, су шаруашылығының аудандағы жұмысын ретке келтіруге бар күш-жігерін, өмірлік тәжірибесін жұмсады. 2003 жылы Қызылорда қаласына жұмысқа ауысып, «Білімжәдік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне директорылыққа тағайындалды. Саяси реформалардың елде жедел қарқыны е болуы тәжірибелі қызметкерді облыстық саяси өмірі сахнасына алып келді. Республикалық «Отан» саяси партиясының Қызылорда қалалық, кейіннен облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары болып сайланды. Кейіннен «КазРосМұнай» ЖШС бас директорының кеңесшісі болып қызмет атқарды.

Елге қызмет етуді өзінің міндеті санаған азаматтың қоғамдық қызметтерге араласуы, яғни жақалықсыз өз қалауымен көптеген жұмыс атқаруы түсінген жанды ерексіз таңғалдырады. Қай қоғамда болмасын, мейлі кеңес заманында, мейлі бүгінгі егемен елімізде болсын алдына ел үшін, халық үшін қызмет етуді мақсат етіп қойған ол Арал, Шиели аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің мүшесі, Шиели аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық кеңес атқару комитетінің мүшесі болып ұзақ жылдар сайланған, Шиели аудандық кеңесінің 8 дүркін депутаты болып, халық сеніміне ие болады. Республикалық колхоздар кеңесінің мүшесі, облыстық колхоздар кеңесінің төрағасы болып сайланып, Қазақстан комсомолының XIII съезіне, Республика колхозшыларының III съезіне, республикалық «Отан» саяси партиясының съезіне бірнеше рет делегат болып қатысқан ол облыстық тәртіптік кеңестің шпаттан тыс инспекторы, Арал аудандық әкімдігінің тәртіптік кеңесінің төрағасы бо-



/// ЖЕҢІСКЕ – 81 ЖЫЛ

«МЕНИҢ АТАМ – МАЙДАНГЕР»



Ұлы Отан соғысының 81 жылдығына орай облыстық ардагерлер кеңесі «Менің атам – майдангер» атты танымдық кеш аясында байқау ұйымдастырды. Байқауда Отан соғысы жылдарында қан кешкен аға буынның ерлігін, отаншылдық рухын жас ұрпаққа үлгі ету арқылы тарихи санасын қалыптастырып, патриоттық тәрбиені күшейтуге, адалдық пен адами құндылықты дәріптеуге мән берілді.

«Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясында өткен іс-шараны облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев ашып, байқаудың тағылымдық мазмұнына тоқтала келіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауда қала, аудандардан келген 20 жоғары сынып оқушысы екі кезек бойынша білімі мен өнерін ортаға салды. Алғашқы кезеңде «Менің атам – майдангер» тақырыбында эссе жазып, онлайн форматта бақ сынаса, екінші кезеңде «Есімдерін ұлықтап жыр жазамыз!» атты мүшәйрада өз шығармашылығынан майдангер аталарына арнаған өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, қатысушылар өзін-өзі таныстыру барысында патриоттық рухтағы жыр шумақтарын көпшілік назарына ұсынды.

Оқушылардың шығармашылығына облыстық білім басқармасы «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының бөлім басшысы Жұлдыз Асқарова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сара Бақтиярова, қалалық «Жастар театрының» директоры, айтыскер акын, «Серпер» сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі Нұрмат Мансұр қазылық етіп, баға берді.

«Менің атам – майдангер» тақырыбындағы облыстық байқауда I орынды Сырдария ауданы И.Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицей оқушысы Нұрмат Нұржанұлы жеңіп алса, II орынды Арал ауданы №292 мектеп-лицей оқушысы Ақұлман Серікова, III орынды Жалағаш ауданы Э.Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп оқушысы Қаракат Ғани мен Шиелі ауданы №214 орта мектеп оқушысы Нұрбиді Сәбитова иеленді.

Женімпаздар облыстық ардагерлер кеңесінің арнайы дипломымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жалпы қатысушыларға Алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Танымдық кешке облыстық ардагерлер кеңесінің аталар және әжелер алқасы, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағалары, ұстаздар мен атаналар қатысты.

«СБ» ақпарат



XX ғасырдағы халықтың тағдырын сынаған, ұлттың жігерін таразыға салған кезеңде ашаршылықтың ащы зары, соғыстың сұрапылы, тұрмыстың таршылығы бәрі қатар келді. Осындай сын сағатта қайыспаған Асан Егешбаевтың өмір жолы бір адамның ғана ғұмыры емес, тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті.

ҮШ МАЙДАНДА ШЫҢДАЛҒАН ТАҒДЫР

А.Егешбаев 1914 жылдың 20 шілдесінде қазіргі Қызылорда өңіріндегі Сарықұм ауылы маңында, Шеген көлінің бойындағы Қоразбай жарған елді мекенінде дүниеге келді. Бұл табиғаты қатал болғанымен, рухы мықты адамдарды тәрбиелеген орта еді. Әкесі Сыздық Ақмешіт пен Костанай арасындағы керуен жолында ұзақ жыл керуенбасы қызметін атқарған, жол мен жоралғыны жетік білетін, ел ішінде сыйлы адам болған. Анасы Зейнеш Орынбетқызы Тұрсынбай дақта әулетінен, 1876 жылы дүниеге келіп, жүз жас жасап өмірден өтті. Анасының сабырлы болмысы Асан ағаның мінезіне де әсер еткені анық.

Ол бала кезінен зерек болды. Алты жасынан ауыл молдасынан білім алып, ескіше хат таныды. Кейін Сарықұмдағы 14-бекетте орналасқан үш сыныптық орыс-түзем мектебінде білімін жалғастырды. Әкесі балаларының оқуын тоқтатпау үшін Ақмешітке қоныс аударды. Бұл оның өміріндегі маңызды бетбұрыстардың бірі болды.

1925 жылдың сәуірінде өткен тарихи съезд шешімімен Ақмешіт қаласы Қызылорда деп аталып, Қазақ АКСР-інің астанасына айналды. Ел астанасының осында көшуі білім мен мәдениеттің де жандануына жол ашты. Оқу-ағарту комиссариатының төрағасы Біләл Сүлеевтің бастамасымен Орынбордағы тоғызжылдық мектеп Қызылордаға көшіріліп, Сарқырама бойындағы ғимаратқа орналастырылды. Асан Егешбаев осы мектепте білім алып, толық курсын тәмамдады. Кейін кеңес дәуірінде Ликбез жүйесінде есеп каражат курсы бітіріп, кәсіби тұрғыда шындалды.

Еңбек жолын 1931 жылы туған жерінде есепшілік қызметтен бастаған ол жастайынан ұқыптылығымен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Комсомол жолдасмасымен Қырғызстанға жіберіліп, Базарқорған ауданындағы машина-трактор станциясының жанындағы политотделде қызмет атқарды. Бұл қызмет оның ұйымдастырушылық қабілетін ашып, қоғамдық жұмыстарға бейімділігін көрсетті.

1937 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылуы оның өмірін түбегейлі өзгертті. Бұл кезеңде халықаралық жағдай шиеленісіп тұрған еді. 1938-1939 жылдары Хасан көлі мен Халхин Гол маңындағы шайқастарға қатысып, шығыстағы әскери қажықтарыстың бел ортасында жүрді, әскери тәжірибесін шыңдады.

Көп ұзамай Кеңес-Фин соғысы басталды. Бұл – тарихтағы ең ауыр соғыстардың бірі. Кеңес одағы жүздеген дивизия, мыңдаған техника жұмылдырды. Ладога көлі мен Баренц теңізіне дейінгі кеңістікте кескілескен ұрыстар жүрді. Соғыс адам шығыны жағынан да, техника жағынан да орасан ауыр болды. Ондаған мың адам қаза тауып, жүздеген мың адам жараланды. Асан Егешбаев Бессарабияны азат ету ұрыстарына да қатысты.

Ұлы Отан соғысы оның өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Брянск майданы құрамында 1941 жылдың 27 қарашасынан 1943 жылдың 14 наурызына дейін шайқасты. Мценск және Орел бағыттарындағы ұрыстарға қатысып, ерлігі үшін бірнеше рет алғыс хаттармен марапатталды. Әскери қызметте рота командиріне дейін көтерілді. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және «Ушаков» медалімен наградалды.

Соғыста үш рет жараланып, бір рет ауыр жаракат алды. Жамбас сүйегі сынып, әскери госпитальда күрделі ота жасалды. Дәрігерлер

оны әскери қызметке жарамсыз деп танып, елге қайтарды. Үшінші топтағы мүгедек атанса да, өмірге деген жігерін жоғалтқан жоқ.

1943 жылдан 1945 жылға дейін Сырдария ауданындағы Көкжиде елді мекенінде орналасқан Жанатұрмыс колхозында бас есепші болып қызмет атқарды. Кейін колхоз басшысының міндетін уақытша атқарды. Партия ұйымының хатшысы ретінде халықтың тұрмысын түзетуге, шаруашылықты қалпына келтіруге белсене араласты.

1946 жылы партиялық тапсырмамен Сұлутөбе ауылына жіберілді. Бұл кезде елді мекеннің жағдайы өте қиын еді. Инфрақұрылым жоқтың қасы. Соған қарамастан, ауылдың дамуына елеулі үлес қосты. Кейін Тасбөгеттегі ОРС мекемесін басқарды, одан соң қалалық тұтынушылар одағының директоры қызметін атқарды.

1969 жылы денсаулығына байланысты зейнетке шыққанымен, еңбектен қол үзбеді. Қызылорда облысындағы түрлі мекемелерде бас есепші, экономист болып жұмыс істеді. Ол қай жерде жүрсе де әділдігімен, тазалығымен, талапшылдығымен ерекшеленді. Жастарға жол көрсетіп, өз тәжірибесін үйретуден жалыққан емес.

Асан аға білімге ерекше мән берді. Үйінде соғыс тақырыбындағы кітаптарды, әйгілі қолбасшылар Жуков пен Рокоссовскийдің еңбектерін жинап, үнемі оқып отырған. Әскери тәртіпті өмірде де ұстанып айнала-сына ұлт болды.

Отбасында да береке мен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Жары Сақылжамал Ақбергекқызымен 1944 жылдың 7 ақпанында шанырақ жетті. Сақылжамал ана тек жұбайы ғана емес, үлкен әулеттің тірегі болды. Соғысқа кетіп оралмаған ағасы Әбулди Баласы Құдайберген мен қарындасы Құлпайранды өз қамқорлығына алып, ана мейірімін сыйлады.

Бұл шанырақтан төрт ұл, төрт қыз тәрбиеленіп өсті. Ұрпақтары әр салада, үлкен қызы Шара көш-қон саласында қызмет етсе, оның жұбайы Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Оразбек Сәрсенбаев болды. Роза денсаулық сақтау саласында кадр бөлімін басқарды. Оның жұбайы ҰҚК қызметкері, Ауған соғысының ардагері, полковник Абылай Мырзабай еді. Әлия шет тілдер маманы, гид-аудармашы болды. Ұлы Марат ішкі істер органдарында қызмет атқарып, кейін ұстаздық жолды тандады. Болат партия органдарында еңбек етіп, кейін кәсіпкерлікпен айналысты. Нұрия әлеуметтік қорғау саласында қызмет етті. Қайрат мұнай саласында инженер, Талғат құрылыс саласында инженер болды.

Асан Егешбаев 1979 жылы 65 жасында дүниеден өтті. Бірақ оның өмір жолы ұрпаққа үлгі болып қалды. Бүгінде немере-шөберелері отыздан асып, үлкен әулетке айналған.

Оның ғұмыры – қайсарлықтың, төзімнің, адал еңбектің үлгісі. Ол ашаршылықты көрді, соғысты бастан өткерді, бейнеттің ащысын татты. Бірақ ешқашан мойымады. Елге қызмет етуді өмірінің мәні деп білді. Осындай тұлғалардың арқасында тарихтың ауыр жүгін көтерген халық бүгінгі күнге жетті. Тағылымы мол ғұмыр иесін ұлықтау – кейінгі ұрпақтың парызы. Асан Егешбаевтың есімін жаңғыртып, еске алу шаралары, тағзым кештері ұйымдастырылса, бір көшеге аты берілсе деген ұсынысымыздың қолдау табарына сенімдіміз.

Нұрғали ҚАРТАБАЕВ, ішкі



САРҒАЙҒАН КҮНДЕЛІК ШЕРТКЕН СЫР

Қазақ танымында «ер» деген ұғым – жай ғана батырлықтың емес, тұтас бір адамдық болмыстың өлшемі. Ел басына күн туғанда қолына қару алып, бейбіт шақта ұрпақ өсіріп, ел-жұртына тірек болу – нағыз азаматқа тән қасиет. «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» деген аталы сөздің астарында да осындай терең мән жатыр. Өйткені халық жадында уақытша дүние емес, ел үшін еткен еңбек, жер үшін төгілген тер, ұрпаққа қалдырған өнеге ғана сақталады. Сол себепті де қазақ қашанда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деп, артында із қалдырған азаматты ұлықтап өткен. Саналы ғұмырын елге арнаған жанның бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз Жағыпар Оспанов.

Мақаламызға арқау еткен Жағыпар Оспановтың ғұмыры елдік пен ерлікке, ұстаздық пен парасатқа негізделген ғибрат жолы десек те болады. Қиын-қыстау кезеңдердің бар салмағын көтере жүріп, адамдық биігін аласартпаған ол кісінің өмір жолы талай жаңға үлгі екенін айта кеткен жөн. Өйткені бір адамның тағдыры арқылы тұтас бір қоғамның келбетін кескіндеп, бейнесін сомдауға болады.

Оның балалық шағы ел басына түскен ауыр жылдармен тұспа-тұс келді. 1923 жылдың қыркүйек айында Шиелі ауданының Ортақшыл ауылында дүниеге келген ол жастайынан еңбекке араласып, өмірдің мәнін ерте ұғынды. Қиындықпен шыңдалған балалық шақ оның бойында төзімділік пен қайсарлықты қалыптастырды. Бұл қасиеттер кейін майдан даласында да, бейбіт өмірде де тірегіне айналды.

1940 жылы мектепті аяқтаған жас жігіттің алға қойған арманы көп еді. Алайда 1941 жылы басталған сұрапыл соғыс оның ғана емес, миллиондаған жастың тағдырын күрт өзгертті. 1942 жылы небәрі он тоғыз жасында Жағыпар Оспанов та қолына қару алып, ел қорғауға аттанды. Орал қаласындағы әскери байланыстар даярлайтын училищеде білім алып, радист мамандығын меңгерген ол 1943 жылдан бастап

майдан шебінде қызмет етті. Карель майданында Кеңестік Карелияны азат етуге қатысып, кейін II және III Украина майдандарында шайқасты. Оның жауынгерлік жолы Венгрия мен Австрияға дейін жалғасып, Ұлы Жеңіс күнін Прагада қарсы алды. Ол бірнеше рет өліммен бетпе-бет келіп, ауыр жаракат алды. Бірақ соған қарамастан, қайта сапқа қосылып, күресін жалғастырды. Оның батылдығы мен табандылығы жоғары бағаланып, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, үш мәрте «Ерлігі үшін», «Венаны азат еткені үшін», «1941-1945 жж. Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Жағыпар Оспанов – соғыс шындығын жүрегімен сезініп, қағазға түсірген жан. Майдан даласында жүріп, күнделік жазуы оның рухына тереңдігін көрсетеді.

– Параға сарғайған соғыс күнделігін қазіргі кезде әкеміздің көзіндей сақтап келеміз. Сұрапыл соғыстың ақиқат бейнесін танытатын қасиетті жәдігер – күнделік жайлы 2010 жылы Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының бастамасымен шығарылған «Майданнан хат» кітабына енгізіліп, бірнеше бейнефильм түсіріліп, республикалық және облыстық телеарналардан жарық көрді, – дейді әке аманатын мұра, айтқан өсиеттерін өмірінің

ұстанымы етіп келе жатқан ұрпақты.

Бұл күнделік – жай жазба емес, ол уақытпен тілдескен, болашаққа аманат болған сыр. Қауіпке қарамастан, ол өз жазбаларын сақтап, туған жеріне жеткізді. Оның әр жолында солдаттың сағынышы, үміті мен қайраты көрініс тапқан. «Противогаз, шинель, каска сынды заттарымды дақтырып кетсем де, күнделігімнен, ауылға жазып жүрген хаттарымнан айырылған жоқпын. Оларды су өтпейтін брезентке орап, кішкентай қапшығымының түбіне сақтадым» деп жазыпты майдангер өз күнделігінде.

– Әкеміз Жағыпар Оспанов майданда қан көшіп жүріп, соғыстың ақиқат көріністерін ұқыптылықпен қағаз бетіне түсірген. Қалың дәптерді екіге бөліп, бірінші бетіне өзін туралы біраз мәлімет жазған. Әлдебір жағдай бола қалса, кім екенімді, қайдан екенімді білсін деген болуы керек. Жазғандарын қызғыштай қорып, көздің қарашығындай сақтаған, – дейді баласы Нұржан Жағыпарұлы.

Соғыс аяқталған соң да оның өмірі күрт өзгеріп кеткен жоқ. Керісінше, жаңа бір жауапкершілік басталды. 1947 жылы елге оралған соң ұстаздық жолды тандады. Ортақшыл ауылындағы мектепте ұзақ жыл бойы орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, сан мыңдаған шәкірттің жүрегіне білім мен тәрбие дәннн екті. Ұстаз болу тек білім беру емес, ол – адам қалыптастыру. Жағыпар ағай осы міндетті терең түсінді. Шәкірттеріне тек пәнді үйретіп қана қоймай, өмірдің мәнін ұғындырды. Майдан күнделіктерінен үзінділер оқып, шәкірттерінің бойына отансүйгіштік рухты сіңірді. Ол кісінің әрбір сөзі – өмірден алынған сабақ, әрбір ісі

– өнеге. Өзінің ерліктерін ешқашан алға тартпай, керісінше, соғыста қаза тапқан жолдастарын еске алуды парыз санады. «Мен миллиондаған жауынгердің бірімін» деген сөзі оның адамдық болмысын айқын көрсетеді.

Тәлім-тәрбие берген әрбір шәкірті оны үнемі мақтан тұтып, тағдырына жол ашқан ақылшы ұстаз ретінде еске алады. Солардың ішінде шәкірті Асанхан Ақпанбетов ағамыздың майдангер-ұстаз туралы айтқан естелігіне ерекше тоқталып өткенді жөн көрдік.

– Ұлы Отан соғысының отжалыны шарпыған заманда, ерлік пен елге деген сағыныш қатар өрілген еді. Сол бір сұрапыл жылдары Ортақшыл ауылынан майданға аттанған талай боздақтың ішінен тек үш кісі ғана туған топыраққа омырауын «Қызыл Жұлдыз» орденімен жарқыратып оралды. Солардың бірі ел мен ердің мақтанышы, ұстаздықтың ұлы жолына өмірін арнаған Жағыпар Оспанов ағай еді. Соғыс жылдарындағы оның ерлігі ел жадынан ошкен емес. Жағыпар ағай соғыс даласындағы күндерін еске алғанда, көкірегің елге деген сағыныш кернеп: «Туған жеріңе барып, «Ортақшылдың» топырағына етпетімінен түсіп қушақтап, содан өліп кетсем, арнымым болмас еді» деп тебіреніпті.

Жағыпар ағай зайыбы Айымжан апамен бірге сегіз бала тәрбиелеп-өсіріп, оларға адалдық пен еңбексүйгіштіктің үлгісін көрсетті. Бүгінде оның ұрпақтары елдің әр саласында еңбек етіп, әке аманатын жалғастырып келеді. Ұстаздық жолды тандаған әулет мүшелері – әкеңіз рухына мұрасының жалғасы.

Білім нәрімен сусындатылған ұстазымының өмір жолы талайға бағыт берер шамшыраққа тең дер едім. Қазіргі бейбіт өмірдің қадірін түсіну үшін осындай тағдырларды тану қажет. Қазақ ССР Білім беру ісінің үздігі Жағыпар Оспанов – артында өшпейтін із қалдырған, ғұмыр жолында адамдық парасат биігіне көтеріліп, халқының жүрегінен ерекше орын алған қадірлі жан. Оның есімі мен батырлығы, тағылымға толы өмірі келешек ұрпаққа үлгі болып, рухани қазынаға айналады берді. Майдангер-ұстаздың атына өткен жылы Шиелі ауданының орталығынан көше берілді. Кеудесін от пен оққа тосып, бүгінгі тыныш өмір үшін аянбай күресіп, жеңіс жалауын көтерген қайсар жауынгер, бар ғұмырын жас буынның тәрбиесіне арнаған кеменгер тұлға Жағыпар Оспановтың жарқын бейнесі әрдайым жадымызда сақталады.

Қасымхан ҚЫДЫРБАЕВ

«Сыр бойы», «Қызылорданың вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық қоғамдық кеңес филология ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, Қазалы ауданының құрметті азаматы
Жарыққағанов Әлімжан Мұратбайұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

ДӘСТҮРЛІ ӘНШІ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ
КОНЦЕРТ БЕРДІ

«Өнер орталығында» ҚР Мәдениет қайраткері, әнші, термеші Бибажар Маханбетқызының 70 жас мерейтойы аясында «Қызыма» атты жеке шығармашылық кеші өтті. Концерттің өтуіне облыс әкімдігі қолдау танытты.

Кешке арнайы қатысқан облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет өнер иесіне аймақ басшысының құттықтауын табыстап, ұлттық үрдіске сай сый-құрмет көрсетті.

Мерейтойлық кеште қазақ эстрадасының жұлдызы, танымал әнші, «Аппак гүлдер», «Қош, махаббат», қырғыз әні «Бегімайдың жыры» (дуэт) әндерімен көрермен көңілін жаулаған өнер иесінің қызы Ақбота Керімбекова, белгілі жыршы-термеші Мейрамгүл Орашева, әнші-сазгер Индира Елубаева, сондай-ақ «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Томирис» және «Аі-Ағу» би ансамбльдері өнер көрсетіп, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Кеш тізгінін ұстаған танымал радиожүргізуші Гүлмира Нәлібай рухани әсері мол іс-шараның мазмұнын таныта түсті.

Концерттің қорытынды сәтінде сөз алған мерейтой иесі Бибажар Маханбетқызының халықтың төл өнеріне қолдау танытқан азаматтарға, жалпы Сыр жұртшылығына алғысын айтты.

Жерлесіміз, дәстүрлі әнші Бибажар Маханбетқызының жеке концерті Жанақорған, Шиелі аудандарында жалғасын тауып, аудан әкімдері мерейтой иесіне сый-құрмет көрсетті. Жас ақындар арнау жырларын оқып, дәстүрлі өнерге деген құрмет, ілтипатын білдірді.

Концерттер барысында әншінің жарты ғасырға жуық еңбегі ел алдында қайта көрініс тауып, көрерменнің ыстық ықыласына кенелді.

«СБ» ақпарат



ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел еңсесін енді тіктеп жатқан шақ еді. Бірақ сол жылдар тек үміт пен жаңғырудың ғана емес, үнсіз ерліктің, көзге көрінбейтін майданның кезеңі болды. Экономикалық, саяси өзгерістермен қатар, жас мемлекет халықаралық міндеттемелерді де абыроймен атқаруға кірісті. Солардың бірі – 1993-1999 жылдары Ішкі әскер (қазіргі Ұлттық ұлан) әскери қызметшілерінің тәжік-ауған шекарасын күзетуі еді. Бұл – бейбіт күндегі беймәлім майдан, көзге көрінбейтін, бірақ қауіп-қатері мол қызмет болатын. Сол миссияның ең ауыр беттерінің бірі – 1995 жылдың 7 сәуірінде Пшихавр шатқалында болған қанды шайқас.

Пшихавр шатқалы:
ЖҮРЕКТЕ
ҚАЛҒАН ЖАРА

Бұл күн – талай шаңыраққа қаралы хабардың көлеңкесін түсірген, талай жүрекке жазылмас жара салған күн. Қазақстандық әскери көлік легіне Ауғанстан аумағынан молжас хедтер шабуыл жасап, ауыр ұрыс болды. Күш тең емес еді. Сол ұрыста 17 жауынгер ерлікпен қаза тауып, 33 әскери қызметші жарақат алды. Бұл оқиға – ел жадында мәңгі сақталған қайғылы күндердің бірі.

Осы ұрыстың куәгері, сол кездегі Ішкі әскердің сарбазы Саттинов Мұрат Қанайұлы бұл күнді әлі ұмыта алған жоқ. Қызылорданың Жанақорған топырағында дүниеге келген қарапайым қазақ баласының тағдыры оны сонау Тәжікстан шекарасына алып келді. 1993 жылы желтоқсанда әскерге шақырылып, Шымкенттегі 5485 әскери бөлімінде сапқа тұрған жас сарбаз көп уақыт өтпей жатып, нағыз от пен оқтын ортасына түсемін деп ойламаған да шығар...

«Таңсаріде жолға шықтық...» деп бастайды Мұрат естелігін.

Жаңбыр сіркіреп тұрған. Таулы аймақтың тынысы ауыр. Әскери көліктер тізбегі үнсіз ілгері жылжып келеді. Екі сағаттай жүрген соң, Пшихавр шатқалына жеткен. Бірі бір сәтке тынышталғандай көрінген. Бірақ сол тыныштық – қанды ұрыс алдындағы тымырлық еді.

Кенет... жарылыс. «К бою!» деген бұйрық беріліп, ұрыс басталып кетеді.

«Таудың басынан оқ қарша борады. Біз төменде, қорғаныссыз дерлік жағдайда қалдық. Алдымен көлік легінің басы мен соңындағы БТР-лерді істен шығарды. Қозғалу мүмкін болмай қалды» деп еске алады ардагер.

Ұрыс барысында сарбаздар жаралыларды тастардың тасына сүйреп, аман алып қалуға тырысқан. Алайда жағдай күрделі еді. Оқ-дәрі де азая бастайды.

«Алғашқы ұрысымыз болған соң, тәжірибе жоқ. Бір кезде оқ-дәрі тиелген көлік жарылды. Біз оқты үнемдеуге көштік. Өзімде бір ғана оқатар қалды» дейді Мұрат.

Жарылыстардың бірінде ол есінен танып қалады. Есін жинағанда қаруластары оны сүйреп алып бара жатқанын көреді. Оны өліп қалды деп ойлаған. Бірақ тіршілік белгісін бай-

қаған соң, су беріп, тірілтуге тырысқан. Бет-жүзі қанға боялған. Бірақ оқ тимеген. Ұрыс әлі аяқталмаған. Оқ-дәрі таусылған. Бірен-саран пулемет үні ғана жаңғырады...

«Көмек келгенде кейбірі тірі еді...» дейді Мұрат дауысы дірілдеп. Аман қалған сарбаздар жаралы қаруластарын көлікке көтеріп апарып салған. Жаралы болса да, сөйлеп жатқан Қанат, әлі үміт үзбеген Имомаддин, есін білмесе де тіршілік нышаны байқалып жатқан Еркебұлан... Бірақ ауыр жарақат салдарынан олардың көбінің өмірі жол үстінде үзіліп кеткен.

Жылдар өтті. Бүгінде Мұрат Қанайұлы Қонаев қаласында тұрады, өндіріс орнында еңбек етеді. Бес баланың әкесі. Мемлекет тарапынан бірқатар әлеуметтік қолдаулар көрсетілуде. Дегенмен, оның айтуынша, материалдық көмектен гөрі, сол бір күннің ауыр естелігі жанын көбірек мазалайды. Уақыт бәрін емдейді деген сөз кейде шындыққа жанаспайды екен. «Жер ортасы жасқа келді. Бірақ сол күнгі жара әлі сыздайды...» дейді Мұрат. Бұл – тек бір адамның емес, тұтас бір буынның жүрегіндегі ауыр естелік.

Мұрат Қанайұлы жас ұрпаққа елін сүйді, Отанға адал қызмет етуді аманат етеді. «Ата-бабамыз қорғап кеткен жер – бізге аманат. Сол аманатқа қиянат жасамау – әр азаматтың борышы» дейді ол.

Қазір олар – сол бір шайқастан аман қалған жауынгерлер – бір-бірімен байланысын үзбейді. «Ер Отан» әскери-патриоттық клубы» қоғамдық бірлестігін құрған. Жетекшісі – сол кездегі 7 ротаның командирі, полковник Алданазаров Ерлан Жарылқасынұлы. Қаза болған жауынгерлерді еске алу шараларын ұйымдастырады. Олардың есімі ауыл көшелерінде, мектептерде жаңғырып тұр. Өйткені ерлік ұмытылмайды.

Пшихаврдағы қанды оқиға – тарихтың бір парағы ғана емес. Ол – ел тыныштығы үшін жанын қиған ерлердің мәңгі жадымызда қалар ерлігі. Оларды ұмытпау – бүгінгі ұрпақтың парызы. Ал Мұраттың жүрегіндегі жара – сол ерліктің үнсіз куәсі.

Данара
БАЙМАҒАНБЕТОВА,
запастағы подполковник,
Алматы қаласы

ЧЕРНОБЫЛЬ
АПАТЫНА – 40 ЖЫЛӨТКЕННІҢ
СЫНДАРЛЫ
САБАҒЫ

Чернобыль апаты – адамзат тарихындағы ең ауыр сынақтардың бірі ретінде есте қалды. 1986 жылдың 26 сәуірінде болған апат миллиондаған адамның тағдырына әсер етті. Атом реакторының жарылысы салдарынан қоршаған ортаға тараған радиация кең аумақты қамтып, талай өлге қауіп төндірді. Сол бір сын сағатта қауіптен қаймықпай, өз өмірін қатерге тіккен ержүрек азаматтар алға шығып, апат салдарын жою жолында аянбай еңбек етті. Осындай тарихи оқиғаның мәнін ұмыттырмау, оның сабағын кейінгі ұрпаққа жеткізу бүгінгі күннің маңызды міндетіне айналып отыр.

Чернобыль апатына 40 жыл толуына арналған жиын облыстық мемлекеттік архивінде өтті. «Чернобыль Ерлік пен Тағдыр» атты тағлымды кездесудің мақсаты – осы тарихи оқиғаның мәнін ұмыттырмай, оның сабақтарын кейінгі ұрпаққа жеткізу. Жылдар өтсе де, бұл апаттың ізі өшкен жоқ, салдары мен тағдыры әлі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді.

Апат зардаптарын жоюға Кеңес одағының түпкі-түпкірінен 600 мыңға жуық адам жұмылдырылды. Қазақстаннан 30 мыңнан астам азамат аттанса, олардың 880-і Қызылорда өңірінен барған. Олар радиация жайлаған аймақта жұмыс істеп, адам өмірі үшін күресті. Бұл ерлік уақыт өткен сайын бағасын жоғалтпай, керісінше арта түседі.

Жиынның басты мақсаты – апат салдарын жоюға қатысқан жерлес-тердің ерлігін ұлықтау, тарихи жадымызды жаңғырту және жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру. Кездесуге Чернобыль ардагерлері, әскери бөлім қызметкерлері, әскери кафедра студенттері, архив мамандары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Залда отырған әр адамның жүзінен құрмет пен толғанғыс қатар сезілді.

Шара барысында ардагерлерге сөз алып, сол кезеңдегі бастан өткерген ауыр сәттерін еске алды. Олар апат аймағындағы қиындықтарды, жауапкершіліктің ауыр жүгін, адам өмірін сақтап қалу жолындағы күресті тебірене жеткізді. Әрбір айтылған естелік тыңдаушыларға терең әсер қалдырды. Бейбіт өмірдің қадірін ұғыну, елге деген адалдық пен жауапкершілікті сезіну – осы кездесудің негізгі өзегіне айналды.

Кездесу аясында ардагерлерге ерекше құрмет көрсетілді. Олардың ерлігіне тағзым ретінде арнау олеңдер оқылып, архив қорындағы құжаттар негізінде дайындалған көрме көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде сол кезеңнің нақты деректері мен фотосуреттері арқылы тарихтың тірі бейнесі көрініс тапты. Сонымен қатар апат зардаптары туралы деректі бейнеролик көрсетіліп, жиынға қатысушыларды терең ойға жетеледі.

Чернобыль апаты адамзатқа үлкен сабақ болды. Ал сол апаттың ортасында жүріп, оның зардабын жоюға аталысқан азаматтар – нағыз ерліктің үлгісі.

Аружан АБЫЛАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің 2-курс студенті

МАКРОӘЛЕМ АРҚЫЛЫ
АШЫЛҒАН
ТАБИҒАТ ҚҰПИЯСЫ

Қызылорда өңірінде табиғаттың көзге көрінбейтін тылсым сырын айшықтайтын фотосуретшілер аз емес. Солардың алдыңғы қатарында тұрған кәсіби фотограф, макрофотография жанрының шебері Андрей Тайгунов биыл ердің жасы 50-ге толып, шығармашылығы кемелдене түсті.

Оның басты ерекшелігі – көпшілік байқамайтын ұсақ дүниеден үлкен мағына таба білуінде. Қарапайым, көзге елеусіз жәндіктер мен өрмекшілер, дала гүлдері мен шөпттер, таңғы шық пен құл батқандағы көрініс оның объективінде ерекше ғажап-айшық айналады.

Бүгінде фотографтың еңбектері әлеуметтік желілерде кеңінен танымал. Әсіресе, макротүсірілім бағытындағы парақшасында мың жарымнан астам оқырманы бар. Оның әрбір суреті көрерменді бей-жай қалдырмай, табиғаттың тылсым тынысын сезіндіреді.

Фотограф тек жәндіктер әлемімен шектелмейді, кең даланы, асқар тауларды, жан-жануарларды, күннің батуы мен шығуын ерекше шеберлікпен бейнелейді. Әр сапары – жаңа әсер, жаңа шабыт. Өзімен тіл табысқан жанға табиғат та бар сырын ашатын сияқты.

Андрейдің әрбір туындысынан жылулық пен жанашырлық анық сезіледі. Фотосуретке деген қызығушылығы бала кезден басталған. Алғашқы суреттерін

4-сыныпта түсірген. Сол кезеңде ақ-қара түсті кеңестік фотоаппараттарды қолданған. Фотографияға бауылған жандар, яғни ағасы Юрий өз ісінің шебері, атасы Иван Ким де фотограф болып еңбек еткен.

Андрей – отыз жылдан астам тәжірибесі бар кәсіби фотограф. Ал макрофотографияға бет бұрғанына көп уақыт болмаса да, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерді.

– Шын мәнінде, ұсақ жәндіктер әлемі біз ойлағандай емес. Макрообъектив арқылы мүлде басқа қырынан ашылады. Сондықтан мұндай суреттер көрерменге ерекше әсер етеді. Бұл салада тек сәтті ұстап қалу жеткіліксіз, әр кадрдың артында үлкен еңбек жатады, – дейді фотограф.

Жаңа белеске жеткен Андрей Тайгунов ізденіс үстінде. Оның шығармашылығы табиғатты тануға, оны қадірлеуге үндейді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.